

МАРҚҰМ БОЛҒАН ЖАЗУШЫЛАРДЫҢ ЖАЗЫҒЫ НЕ?

немесе АШЫҚ КҮНДЕ АДАСУ СЫРЫ

Данышпан халқымыздың «айтқан сөз – атылған оқ» дейтіні бекер емес. Сол оқ алдақашан өмірден өткен марқұмдарға (себеб-салдарсыз, дәлелсіз, қасақана) атылса ше? Жә, одан да, оқ атқан кім, атылған кім дөйк те. Оған тоқталар алдында ғұмыр бойы партия, комсомол, совет органдары мен халық-оғарту саласында жауапты лауазымдар атқарып, әрі, прозалық шығармалар мен аудармаларым, сатиралық өлеңдерім («Қ» газетінде тұтас бір бет боп та басылған) әлденеше рет кітап бол шыққанын, жазушылар одоғына мүше екенімді айта көтуді жөн көремін (алда айтылатындарға қатысы барлықтан).

Екімірше қызмет еткен қузырлы мекемелердің көбінде сонау арқалы ақын Жұбан Молдағалиев, Сырбай Мәуленовтен бастап, кешегі Тұманбай Молдағалиев, Қадір Мырзалыев, Бақжожа Мұқаев, үлкен Бауыржан, кіші Бақытжан Момышұлдарымен талай-талай кездесулер өткізгенде басы-қасында болдым. Қазіргі «Мәдениет» журналының бас редакторы Дулат Исабековке құрметім шексіз. Ол басқаратын журналға тұрақты автормын.

Әне, сол Дулат иімінің 70 жылдық мерейтойы қарсаңында (одан кейін де) қазақ тілінде шығатын (өзге тілдерде де) ақпарат құралдарында ол жайлы жазылған жылы лебіз, ізгі ниетті ой-пікірлер аз болған жоқ. Көз қырымызға ілінгенін оқып, тәтті болғанбыз. «Дулат Исабеков әлемі» театр фестивалінде спектакльдерін тамашалады. Дулат жайлы (сол шақта) жазылған, айтылғандардың барлығы орынды, жарасымды, тағылымды еді. Тек...

Сол додаға «ғайыптан» қосылып, «Дулат пен Төлен» деген көлемді мақала жазған Есенғали Раушанов қос қаламгердің – өз сөзімен айтқанда – «шығармашылығына емес, азаматтығына...» ден қою үстінде біреулерді асақтататынын деп, біреулерді аласартатынға ұқсас қадамға барғанына таңданғанбыз. Одан бері біраз уақыт өтсе де, бірінші, оған сол кезде біреу-міреу лебіз білдіре ме деп едік, ешкім үндемеді. Екінші, күні кеше шаң берген (деуге болатын) мұндайларға пікір білдіруге әлі кеш емес дер едім (өз басым). Өйткені, оған мысал, айғақ-дәлел толып жатыр (Сталиннен бастап). Абай, Сәбит Мұқановты да әлі күнге сөз ететіндер бар дегендей. Ендеше, бұл жерде бізді «кеш қозғалды» деп ешкім сөгө қоймас. Әрі, қай нәрсеге де кім-кім де қай уақытта өз көзқарасын білдіруге қақылы екенін де ұмытпаған мақұл. Сонымен, ашық түрде айтар болсақ, Раушанов мәңгіліктерінің мәні төмендегіше боп келеді екен.

Раушанов не дейді? Не десін, дейтінін «Обал, ұят, иман, сауап дегендерді... сөз етуді ұмытып бара жатқанымыз ба...» деп (оған кім таласуы мүмкін) имандылықпен бастайды да, ұзамай кілт өзгеріп: «Алматыны елес кезіп жүрген жоқ, бүкілқазақстандық зиялылар съезін шақыру керек деген әңгіме кезіп жүр...», – деп дүңк еткізеді. Астапыралла! Сірә, ол өзі әңгіме және байыз таппай кезіп жүретіндіктен бе екен, ондайы естімепіз. Съездің неше қилысын білгенмен, форум десе бір бөлек, «зиялылар съезі» дегенді білмейді екенбіз. Бұрын-соңды сондай съезд болып па еді? Болса қайда? Қашан? Мейлі, егерәкіде, шақырыла қалса, қандай мәселе қаралып, кім басқарады, кімдер сөйлейді, не сөйлейді дегенді күмән-жүдіктер көлденеңдей қалғаны рас (бірақ, әлі күнге дейін шақырылмаса керек, шақырылса делегат боп қатысар ма екі, кім бісіні). «Интеллигенциясыз ел – тобыр...» деп бір қояды (онысы да дұрыс шығар). Және «әр кезең өз интеллигенциясын туғызды» (дейді аксиомаға балап). Сонда қалай, кезең деген өлара ма, әлде, кезең мен кезең арасындағы бос кеңістік пе? Мұнысы, сірә, Абайдың «Кезекпенен өлінер, баяғыдай көрінер...» дейтініне кереғар емес пе екен? Әлде, кезекті интеллигенция туылу үшін кезек кідіріс жасай тұра ма, немесе, интеллигенция тек солар дейтін болса, болашақ интеллигент жоғарғы оқу орынын бітіріп, диплом алғанға дейінгі аралық па? Жалпы, интеллигенция деген кім? (Раушанов оны зиялы деп те қояды). Олай болса, Қазан төңкерісіне дейін оқығандардан басқалар зиялы емес пе еді? Абайдың өзі емес, Петерборда оқыған баласы зиялы да, Абайдың өзі, әнесі Құнанбай, одан бұрын, одан кейін тізгіні ұстаған ел ағалары, батырлар, билер, атақты әнші, күйші, шешен, суырыпсалма ақындар зиялыға жатпаған ба? Арғы бергіде зиялысыз кезек болды ма, болып па еді? Қазіргі байтақ елдің о түкпірі мен бү түкпіріндегі «обал, ұят, иман, сауапты...» (Раушанов құсап) берік ұстанатын жаратылыс иелері зиялылар емес пе? Әлде, Раушанов тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңді меңзей ме? Ендеше, Раушановша айтқанда, қазір ол



Кемел ТОҚАЕВ



Балғабек ҚЫДЫРБЕКҰЛЫ



Немат КЕЛІМБЕТОВ

кезең «туғызған» интеллигенция қайда, бар ма, әлде, кезекті кезең «туғызып» үлгермей жатыр ма? Бір қызығы, Раушанов бұлар жайлы (ересі жетпегеннен емес) ләм демейді. Демей жатып әлденелерге көңілі толмайды, тіс қайрайды, үйлейді, аһылайды, кіжінеді. «Жақсылардың көбі кетіп, жамандардың әлі күнге азаймағанына...» жабырқайды екен. Ендеше, оның пайымынша, жоғарыда кезеңге байланысты «үзіліс болуы керек пе еді» дегеніміздей, жақсыларды тез кетіріп, жамандарды кідірте тұру үшін уақыт шіркіннің өзі де әлсін-әлсін кідіретінге ұқсай ма, немесе? Өмірге жақсы да, жаман да бірдей келіп, бірдей кетпейтін болғаны ма? (Бұл диалектиканы мансұқтау емес). Бар бәле «әлі күнге азаймаған жамандарды» құсайды. Раушановқа олардың (жамандар) «анау ауыл мен мынау ауылдың дауын даулап...» қана күнелетіні ұнамайтынға ұқсайды. Ал, біз (оқушы) мұны «ана ауыл мен мынау ауыл» мүмкіндігі бір-бірінен алшақ, томағат-тұйық ғұмыр кешеді, бір-бірінің қас-қабағына қарамайды, қуаныш-қызығына ортақтаспайды, өз қызықтарын өздері қызықтап, «ана ауыл мен мынау ауылдың» ерендері екі ауылдағы игі жақсылардың тірілерін ардақтап, өлгендерінің ұлына пана, қызына аға (па, шіркін) болуға қарамайды, жаны ашымайды, бақастықтан басқаға жоқ деген сөз емес пе екен деп ойлауға мәжбүр болдым.

Мейлі, біз-ақ теріміз тарылмай, кеңдік жасап, «... қара туралы емес, ақ туралы айтатын» (бәрекелді) дейтін Раушановты түсінуге тырысалық. Ол да бізді түсінер деп үміттенейік. Айтқанының бәрине «жәрекемалла» дей бермейтінімізге де тырысмас деп те қоялық. Бір Раушанов емес, (Раушанов үзілді-кесілді олай демейді), қазаққа зиялы жоқ, бірі-жарым бар болса, ол мен деуге күмбұл қызбаларды біз де ұшыратып, жазғандарын оқып жүретінімізді де жасырмайық. Әлбетте, олармен келісе алмаймыз. Себебі, зиялысыз халық болмайды, зиялысыз халықты ешкім халық деп есептемейді. Егер шынымен солай болса, бұл сүргіннен (Раушановқа мәлімі) жоғарыда айтылған «елес» те құтқара алмас, шамасы. Десе де, Раушанов босқа қамықпаса керек, өйткені, «досын барып досына жамандайтын жамантайды» көзектері» мен қиянатқа бейім көлгірлерден зиялы шықпасын ол білмей, кім біледі? Зиялылық – ана сүтімен даритын табиғи, екінің біріне нәсіп етілмейтін сыбаға.

Айттық қой, Раушановтың «обал, ұят, иман, сауап дегендерді ұмытып бара жатқанымыз ба...» дейтініне жіде құрсанбыз деп. Бәрекелді! Алайда, солай деп аң ұратын Раушановқа – аталған мақаласында – алдақашан марқұм болған белгілі жазушыларды мұрындарынан тізе төменшіктетіп, әруақтармен жағаласы не үшін керек болды екен, жазған басымсыз соған онша түсінбей отырмыз. Әлде, олай емес пе? Олай емес десең: «... кім ол Кемел Тоқай деген Мұхтар Шахановтың қасында...» деуіне не дер ең? Сонда не, Кемел Тоқай оған арғы дүниеден мен Шахановтан артықпын деп жеделхат жіберіп пе екен, әлде, Раушановсыз да атағы әжептәуір Шахановты жарылқаған түрі ме? (Мұнысы мақтауға қаны қас, кезінде менен көп демеу көрген Шахановқа ұнар-ұнамасы күмәнді). Ау, Раушанов інім, біреуді асақтату үшін екінші біреуді міндетті түрде аласарту керек пе? Айтарыңа арқау етпек болған Дулат пен Төленді қаншалық асақтатқаның көрініп-ақ тұр емес пе? Олардың шығармашылығы емес, азаматтығын жырламақ болған бақандай бір бет мақалаңда екі классик жөнінде қанша сөйлем, қанша сөз барын біз емес, өзін есепте. Бізше, бар болғаны екі не үш сөйлем. Мейлі, бес сөйлем...

Ау, Раушанов, сен шынымен-ақ Кемел Тоқайевтың кім екенін білмеуші ме едің? Онда – өзіңе сын. Соғыстан мүгедек боп келіп, үлкен қиындықпен университет бітіріп,

қоңыржай ғұмыр кешкен Отан соғысының ардагері, «Социалистік Қазақстан» газетінде абыроймен жұмыстанған Кемел Тоқайев артында том-том кітаптары қалған, әлденеше бас сыйлық, жоғары марапатқа ие болған, детективті жанрда бірінші қалам тартқан қазақ емес пе еді? Әй-шәй жоқ «... кім ол...» деп дікілдегенше, әуелі кітаптарын оқып, айтарыңды сонан соң айтсаң болмас па еді? Әлде, сонау жылдарда қалың оқырманның көзайымы болған (детектив жанрында бірінші қалам тартқан дедік қой) Кемелдің де әруағы жолыңды бөгеп, ділі таза, өсекке өш, досқа адал, қатардағы зиялы болуыңа кедергі жасап жүр ме? Кемелдің жазығы не? Әлде, ол жазушы болу үшін сенен рұқсат-бата алуы керек пе еді? Қалай десең, олай де. Кемел Тоқайев, сен сияқты демей-ақ қояйың, сен айтқандай әлдебіреу емес, халыққа кеңінен мәшһүр, ел есінде сақталған бірегей, көрнекті қаламгер. Тоба! Осындай да болады екен-ау, а?!

Болғанда қандай! Сенбесең, Раушанов сол мақаласында белгілі қоғам және мемлекет қайраткері, өмірбақи бір-ақ мекеме – «Социалистік Қазақстан» газетінде (Қасым Шәріпов шақырып) әдеби қызметкер, бөлім бастығы, орынбасар, бас редактор боп істеген атақты фельетоншы, «Алатау» романы, өзге де роман, повестердің авторы, көрнекті жазушы Балғабек Қыдырбекұлы туралы не дер екен, соны тыңда: «... классик атанбақ түгілі, жөні түзу жазушылар сапына да ілікпей, «Социалистік Қазақстан» журналисті боп Балғабек Қыдырбекұлы өтті...» дейді Раушанов. Және «жырнамасында» алғі дәйектердің бірін келтірмейді. Оларды не білмейді, не білмегенсиді, білгісі келмейді, сол жағын біз де білмейді екенбіз. Әйтсе де, Балғабек Қыдырбекұлының «С.Қ.»-да ұзақ жыл бас редактор, Жоғарғы Советке депутат, Орталық Комитетке мүше, Қазақстан Журналистер одағына председателі болғанын «білмейтіні» аңқаулықтан аумайтын сияқты. Себеп пе? Дәл соны да біле алмай, басымсыз дәл болып отыр (демедік пе?). Әйтеуір, тула бойын құрсаған қызғаныш емесіне сенеміз. Айтты ма? Айтты! Мәселе сонда!

Оған бір-ені сұрақ. Батыррекесі, Балғабек Қыдырбекұлына неге килігісең, неге ұрмасың, газетте журналисті боп (қана) өтті деуіңнің аржағында не тұр? Әлде, әділдікті түсініп өмірден өткен Балғабек арпаңды қам орып па еді? Әлде, оның да әруағы аян беріп, өзі туралы солай айт деп жалынды ма? Әй, Есенғалиым-ай! Азаматым-ай!

Бұл қасқаңыз да олармен де тоқтамай, «...қара туралы емес, ақ туралы айтатын...» (алғырлығын қарашы қасқаңың!) деп аларды да, отыз бес жасында айқыңас дертке шалдығып, өмірден өткенше төсекте жатып (әйеліне ауызша айтты) бірнеше повесть, роман жазып, бірнеше кітап аударып, кандидаттық, докторлық диссертациялар қорғап, ғалым-профессор болған, ғылыми-зерттеу еңбектері үшін өз еліміз бен көптеген шет мемлекеттің сыйлық-марапаттарын иеленген, ғалымдығы мен жазушылығын Б.Кенжебаев, Ә.Тәжібаев, М.Базарбаев, С.Қасқабасов, Т.Аманжолов, М.Байділдаев, т.б. ғұламалар жоғары бағалаған Немат Келімбаевтың аты жоқ, таланты ортадан да төмен Немат Келімбаев секілділерге неге ескерткіш-тақта орнатылады...» деп, марқұмға бір жалпырақ тақтаны көпсігендей зәр шашады, зіркілдейді. Оның (біз атаған) үш марқұм жазушы жайлы «Кім ол Тоқайев...», «Социалистік қазақстанда журналист (қана) боп Балғабек Қыдырбекұлы өтті...», «... Немат Келімбаевтың секілділерге неге ескерткіш-тақта қойылады?» дейтініне қарап еріксіз ойлайсың: «Апырай, егер Раушановтың ырқында болса, үш марқұмның да атын тарихтан сызып тастар ма еді, қайтер еді» деп (өріне, оған әлі келмейді, қағаз бетінде ғой шалтрек қағатыны). Сонда дейміз-ау, қаны қайнап, көзі

« Ау, Раушанов, сен шынымен-ақ Кемел Тоқайевтың кім екенін білмеуші ме едің? Онда – өзіңе сын. Соғыстан мүгедек боп келіп, үлкен қиындықпен университет бітіріп, қоңыржай ғұмыр кешкен Отан соғысының ардагері, «Социалистік Қазақстан» газетінде абыроймен жұмыстанған Кемел Тоқайев артында том-том кітаптары қалған, әлденеше бас сыйлық, жоғары марапатқа ие болған, детективті жанрда бірінші қалам тартқан қазақ емес пе еді? Әй-шәй жоқ «... кім ол...» деп дікілдегенше, әуелі кітаптарын оқып, айтарыңды сонан соң айтсаң болмас па еді? Әлде, сонау жылдарда қалың оқырманның көзайымы болған (детектив жанрында бірінші қалам тартқан дедік қой) Кемелдің де әруағы жолыңды бөгеп, ділі таза, өсекке өш, досқа адал, қатардағы зиялы болуыңа кедергі жасап жүр ме? Кемелдің жазығы не? Әлде, ол жазушы болу үшін сенен рұқсат-бата алуы керек пе еді? Қалай десең, олай де. Кемел Тоқайев, сен сияқты демей-ақ қояйың, сен айтқандай әлдебіреу емес, халыққа кеңінен мәшһүр, ел есінде сақталған бірегей, көрнекті қаламгер...

қанталаған аңылғой: «... бір алтын арқау бар. Ол – біз сізге жеткізе алмай отырған зиялылық» деп қандай зиялылықты айтады? Зиялы деген әдепті, биязы, сыпайы, мәдениетті, ешкімді қорлап-кемсітпейтін, қайырымды болмаушы ма еді? Жоғарыдағыдай (ол елемейтін) шеуді жақсы билетіндердің Раушановты білмейтіні бөлек әңгіме) қазылық айтатын қазымырлық астарында не жатқанын Раушановтың өзі біледі (дедік). Ол Тоқайевты да, Қыдырбекұлын да біледі. Келімбаевты де біледі. Бірақ, білудің де білуі болатынындай, білмесе, Келімбаев тұрған үйге ескерткіш-тақта қойылғанды қайдан біледі? Бірақ, «Социалистік Қазақстан» газетінің әдеби қызметкері, саяси сауатты, орыс, парсы, өзбек тілдеріне жетік Немат Келімбаевтың Кеңес Үбәбаевтың ұсынуымен Министрлер Советінің аппаратына аға референт боп ауысып, кино саласын басқарғаны, (Х.Наурызбаев, Ш.Уәлиханов, т.б. лауреат болған тұстарда) Мемлекеттің сыйлықтар жөніндегі комиссияның жауапты секретары, әне-міне, Байқен Әшімовтың көмекшісі болғалы тұрғанда айқыңас сырқатқа шалдығып, оны сол тектұлға Байқен Әшімов үнемі көз қырында ұстап, қамқорлығын аямай, ешкімге керекі «шамалы» боп, төсектартып жатқанда (ЦҚ-ның бөлім меңгерушілері, министрлер тұратын) элиталық үйден пәтер бергені, классик жазушы Смағұл Елубаевтың Нематтың өзімен де, отбасымен де жақын араласып, жоғары бағалағаны сонша, Раушановша «қабілеті ортадан төмен Нематтың өзі мен әйелі Қуаныш жайлы қалың кітап жазғаны, С.Қасқабасов бастаған ғалым-әдебиетшілердің өле-өлгенше төбеге көтергені, марқұмның барша жетістікке өз күш-жігер, қайсарлығының арқасында жеткені, Әуезов атындағы театрда Е.Обаевтың арқасында пьесасы сахаланып, қазірге дейін қойылып келе жатқанын білгізбесі білгізбейтін Раушанов білмейді екен. Біз келтірген деректердің бәрін «білмейді» екен (Министрлер Кеңесі аппаратында мәртебелі қызмет істегені мен Нематтың өмірі, тағдыры, жоғарыда айтылғанының бәрін бүге-шігесіне дейін білеміз). Білмесе де, шамырқанып, ашуға бөгеді екен. Арттарында айшықты із қалдырған үш марқұм жазушының әруағын сыйламайды екен. Әруақпен алысу – жат қылық. «Жат қылықтан» жаны кіретін-кірмейтіні күмәнді Раушановқа осы айтқандарымыз да жат көрінбесе неғылсын деңіз. Ол айтады, біз неге айтпаймыз деп те қоялық.

Жоғарыда баяндағандар салғыласу, айтыс-тартыс емес, ой бөлісу, субъективті көзқарас (дедік қой). Сол сөз – сөз. Соңғы айтарымыз, Раушанов сол мақаласында бүгінгі көзі тірі қайраткерлерге де ауыз салып, қазіргі қауым Төлен Әбдіқовтен (Төленді көкке көтергенінің түрін қарай көр) Жолбарыс Сейфуллинді көбірек біледі дегенге саятын «көріпкелдігі», жазушы Мұхтар Құл-Мұхаммедтің белгілі қоғам қайраткері М.Қасымбеков туралы одан (Раушановтан) «рұқсатсыз» мақала жазды деп күйінгеніне тоқталуды артық деп қарадық. Қажет санаса өздері үн қатар, айта жатар.

P.S. Осы айтылғандарға Раушанов әлдене дегісі келсе – өркі, ал, мен жауап күтпеймін. Мақалаға зиялы болуға зауқың соқса, ғайбат-жаладан аулақ жүрсең де түгіл кетпейді, әруақтарға тіспесең де құның кемімейді деп нүкте қоямын. Е, жаратқан ие! Пенделеріңді пәле-жаладан сақта! Аууиң! Аллаху әкбар!

Көпбосын ПАНЗАБЕКОВ, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Оқу-ағарту ісінің озық қызметкері